



**KIT
FORT**

**Бутерброд қалыбы
Panini Maker
КТ-1609**

Пайдалану
жөніндегі нұсқаулық



4815275

Жалпы мәлімет

КТ-1609 бутерброд қалыбы арқылы бутерброд, панини, сэндвич, кесіліп қуырылған нан, тост, гриль кішкене шұжықтарын және көптеген басқасын дайындауға болады. Жұмыс пластиналарының бұдыр беті мен дайындаудың жоғары температурасы тез дайындалуына және өнімдерде «жолақты» суреттің пайда болуына ықпал етеді.

«2-үі 1-дегі» құрастырмасы бутерброд қалыбын екі режимде пайдалануға мүмкіндік береді.


Екіжақты режимінде ол қақпақпен жабылады және өнімдер бір мезгілде екі жағынан дайындалады. Біржақты режимінде қақпақ 90 ° ашылады және бутерброд қалыбы қуыратын тұтқалы табаға айналады. Дайындау үшін тек төменгі беті қолданылады.

Бутерброд қалыбы жұмыс беттерінің тұрақты температурасын сақтауға арналған термостатпен және қыздыруды қосу және өшіруді көрсететін индикатормен жабдықталған.

Жиынтықтамасы

1. Бутерброд қалыбы — 1 дана.
2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық — 1 дана.
3. Кепілдік талоны — 1 дана.

Бутерброд қалыбының құрылысы



Қыздыру индикаторы бутерброд қалыбын электр қуаттау желісіне қосқан кезде жанады. Аспаптың жұмыс беттері кіріктірілген термостатпен автоматты түрде белгіленетін температураға жеткенде қыздыру өшіріледі және қыздыру индикаторы сөнеді. Осыдан кейін

қыздыру ара-тұра температураны сақтау үшін қосылып отырады, осы уақытта қыздыру индикаторы жанады. Осылайша, дайындау процесінде қыздыру индикаторы мерзімді түрде жанып, сөніп тұрады. Ілмек аспапты сақтау немесе тасымалдау кезінде қақпақты бұғаттау үшін қызмет етеді.

Жұмысқа дайындық және пайдалану

Алғашқы қолданар алдында.

Бутерброд қалыбының орамасын шешіп, барлық орама материалын алыңыз. Жұмыс беттерін ылғалды шүберекпен сүртіп, кейін құрғатып сүртіңіз. Бутерброд қалыбының корпусын құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Оны қосып, қыздыру индикаторы сөнгенше қыздырыңыз. Қыздыру барысында шамалы түтін немесе иіс шығуы мүмкін, ол қалыпты жағдай. Бутерброд қалыбын өшіріп, оның суығанын күтіңіз, осыдан кейін жұмыс беттерін сүртіңіз. Бутерброд қалыбы пайдалануға дайын.

Пайдалану.

Алдымен жұмыс беттерін ептеп маймен, маргаринмен немесе тоң маймен майлаңыз.

Ол өнімнің беттерге жабысып қалуын қиындатады.

Бутерброд қалыбын қосып, қақпағын жабыңыз, бутерброд қалыбы қызғанша күте тұрыңыз. Жұмыс беттері жұмыс температурасына жеткенде қыздыру индикаторы сөнеді.

Азық-түлік өнімдерін жұмыс беттеріне салыңыз. Егер сіз екіжақты режимінде дайындасаңыз, қақпақты жабыңыз. Біржақты режимінде рецептте көзделген болса, өнімдерді уақтылы аударып отырыңыз. Дайындалу аяқталғанда бутерброд қалыбын электр қуаттау желісінен ажыратып, өшіріңіз.

Тамақты алу және аудару үшін тек ағаш немесе жоғары температураларға төзімді пластик қалақшаларды пайдаланыңыз.

Күюге қарсы жабынын зақымдап алмау үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз.

Екіжақты режимі.

Осы режимде тамақ төменгі жұмыс бетіне салынады, осыдан кейін бутерброд қалыбы қақпақпен жабылады, осылайша тамақ бір мезгілде екі жағынан бірдей дайындалады және оны аудару қажет емес.

Осы режимде дайындаған кезде барлық бір мезгілде дайындалатын кесектер шамамен бірдей қалыңдықты болуын тырысыңыз. Осының арқасында әр кесек жоғарғы да, төменгі де жұмыс беттерімен жанасады, сондықтан барлық кесектер тең уақыт мөлшерімен және бірдей қуырылу деңгейімен дайындалады.

Біржақты режимі.

Бұл режимде дайындау үшін тек төменгі жұмыс беті қолданылады, тамақ тек төменгі жағынан дайындалады. Қақпақты 90 ° ашыңыз.

Кеңестер.

Біржақты режимінде дайындау кезінде өнімдердің шамадан тыс кеуіп кетпеуі үшін оларды тым жиі аудармаңыз.

Өнімдерді аса жуан емес кесектермен тураңыз, әйтпегенде дайындау уақыты тым ұзақ болады.

Егер дайындаудан кейін панельдерді олар әлі жылы болған кезде алдымен құрғақ, кейін ылғалды қағаз сүлгілермен сүртсе, ол сапалы тазалау үшін айтарлықтай жеткілікті болады.

Тазалау, қызмет көрсету, күтім жасау және сақтау

Бутерброд қалыбын тазалау және қызмет көрсету алдында оны желіден ажыратып, ол суығанына көз жеткізіңіз.

Ылғалды және құрғақ шүберектерді, сондай-ақ сулықтарды немесе қағаз сүлгілерді пайдаланып жұмыс беттерін сүртіңіз. Агрессивті және абразивті жуғыш заттар мен ысқыштарды пайдаланбаңыз. Беттердің күйге қарсы жабынын оңай зақымдауға болатынын есте сақтаңыз. Бутерброд қалыбын суға салмаңыз және оны су ағынының астында жумаңыз.

Корпустың сыртқы беттерін ылғалды шүберекпен сүртіңіз.

Күтім жасау және сақтау

Сақтау үшін жинап қою алдында бутерброд қалыбын тазалап, жуыңыз. Баусымын түбіндегі ұстағышқа ораңыз.

Бутерброд қалыбын құрғақ және салқын, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалары

1. Кернеуі: 220 В, 50 Гц
2. Қуаты: 640 Вт
3. Өлшемі: 235 x 208 x 90 мм
4. Таза салмағы: 1,0 кг
5. Жалпы салмағы: 1,25 кг

Қызмет ету мерзімі: 5 жыл

Кепілдік мерзімі: 1 жыл

Тауар сертификатталған



Өндіруші: Хуаюй Илектрикэл Эплаенс Груп Ко., Лтд. № 168 Норс
Хуаньчэн Роуд, Чжоусян Дивелэпмэнт Зоун, Цыси, Нинбо 315324,
Қытай.

Ерекше кәдеге жарату талап етіледі. Қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеу үшін осы нысанды кәдімгі қалдықтардан бөліп, оны ең қауіпсіз тәсілмен кәдеге жарату керек, мысалы, кәдеге жарату бойынша арнайы орындарға тапсыруға болады.

Дайындалған айы мен жылы орама қорабының төменгі жағында көрсетілген.

Өндіруші өз өнімін жетілдіру барысында бұйымның дизайнына, жиынтықтамасына, сондай-ақ техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге және осы өзгерістер туралы қосымша хабарламауға құқылы.

Сақтық шаралары

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Сақтық шараларына ерекше назар аударыңыз. Әрқашан нұсқаулықты жаныңызда ұстаңыз.

1. Бутерброд қалыбын тек мақсаты бойынша және осы нұсқаулықта мәзмұндалған нұсқауларға сәйкес пайдаланыңыз.
2. Құрылғы тек үйде пайдалану үшін үй-жайда пайдалануға арналған. Бутерброд қалыбы коммерциялық пайдалану үшін жарамайды. Оны үй-жайдан тыс және ылғалды климатты жерлерде пайдаланбаңыз.
3. Құрылғыны электр розеткасына қоспас бұрын, онда көрсетілген электр қуаттау параметрлері қолданылатын қуат көзінің параметрлерімен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

4. Электр тогы соғуына жол бермеу үшін құрылғыны суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
5. Аспапты қуаттау баусымы арқылы ұстап тасымалдамаңыз. Ашаны розеткадан суырғанда қуаттау баусымынан тартпаңыз.
6. Баусымы ыстық беттерге жанаспауын қадағалаңыз.
7. Аспаптың қуаттау баусымы, ашасы немесе басқа бөліктері зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Электр тогының соғуына жол бермеу үшін құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз — оны жөндеу үшін білікті маманға жүгініңіз. Құрылғының дұрыс емес жиналуы пайдалану кезінде электр тогының соғу қаупін арттыратынын есте сақтаңыз.
8. Балаларға, дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдарға, сондай-ақ жеткілікті білімі мен тәжірибесі жоқ тұлғаларға аспапты тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалардың бақылауымен, немесе құрылғыны пайдалану жөніндегі нұсқамалықтан өтуден кейін пайдалануға рұқсат етіледі. Балаларға аспаппен ойнауға жол бермеңіз.
9. Жанында балалар мен үй жануарлары болған кезде аспаптың жұмысын қадағалаңыз.
10. Жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Оны пайдаланудан кейін, сондай-ақ егер аспапты ұзақ уақыт қолданбасаңыз немесе қызмет көрсетуді жүргізу алдында өшіріп, желіден ажыратыңыз.
11. Жұмыс істегенде аспаптың корпусы қатты қызуы мүмкін. Ыстық беттерді ұстамаңыз. Абай болыңыз! Күйіп қалу қаупі бар! Қақпағын тек тұтқасы арқылы ашыңыз.
12. Бүтерброд қалыбын қабырғадан және үстел шетінен кемінде 10 см қашықтықта тек орнықты көлденең бетке және тез тұтанатын заттардан алыс орнатыңыз. Бүтерброд қалыбы орнатылатын бет қыздыруға төзімді болуы тиіс, кері жағдайда ыстыққа төзімді түпқоймаларды қолданыңыз.
13. Бүтерброд қалыбын балалар оның ыстық беттеріне қол тигізе алмайтындай етіп орнатыңыз.
14. Жұмыс істеп тұрғанда бүтерброд қалыбының үстіне ештеңе қоймаңыз.
15. Тамақты аудару және алу үшін жұмыс беттерінің жабынын сызып алмау үшін металдан жасалған заттарды қолданбаңыз. Ыстыққа төзімді пластик немесе ағаш қалақшаларды пайдаланыңыз.

16. Дайындалатын тамақты тікелей жұмыс беттеріне қойыңыз. Жұқалтырды және түрлі төсемелерді пайдаланбаңыз.
17. Құрылғының қосылуын бұғаттауды айналып өтуге тырыспаңыз.
18. Бүтерброд қалыбының құлауына жол бермеңіз және оны соққыларға ұшыратпаңыз.
19. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
20. Тек өндірушімен ұсынылған аксессуарларды пайдаланыңыз. Өзге қосымша керек-жарақтарды пайдалану құрылғының сынуына немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.